

"Айыртау ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 6-18-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 6-20-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 4741 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 8-42-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 8-42-3 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс).

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Айыртау ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 сәуірдегі № 6-18-4 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4695 тіркелген , 2018 жылғы 4 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
XX сессиясының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы*

Е.Ақмолдин

Б. Жанахметов

